

25.05.2019 ж.

Қазақ археология ғылымының атасы

Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімінде 2019 жылы 25-мамыр - көрнекті ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ғалым-археолог, этнограф, шығыстанушы, тарихшы, филолог, қоғам қайраткері, қазақ халқының мандайына біткен біртуар ұлы Әлкей Хақанұлы Марғұланның 115 жылдығына арналған көрме шолу ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты Әлкей Хақанұлы Марғұланның өмірбаянымен, шығармашылығымен, көптеген зерттеу жұмыстарымен таныстырып, жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялату болып табылады.

Көрме 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Ғасырларға қызмет еткен ұлы адам», екінші бөлім «Ұрпаққа мәңгі мәдени мұралар» деп аталады. Осы тақырыптарға сәйкес әр бөлімге автордың кітаптары мен газет-журнал беттерінде Ә.Марғұлан туралы айтылған ойлар қойылды. Көрме оқу залына келген оқырмандарға таныстырылды.

Ғылымның сан саласын жете меңгерген парасатты ғұлама, қазақстандағы археология ғылымының негізін салушы зерделі ғалым, аяулы азамат және педагог Ә.Марғұланды бүкіл қазақ жұртшылығы өзінің адал ұлы ретінде құрмет тұтады. Бүгінгі жаһандану жағдайында Ә.Марғұланның ғылыми еңбектері жастарымыздың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отыр.

